

Бәсекелестік саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 19 тамыздағы № 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 21 тамызда № 39652 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 29 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20455 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау " мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатпен (бұдан әрі – өтінішхат) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы құжаттарды электрондық түрде, оның ішінде DOCX және PDF форматында қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаның мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағына сәйкес жүгінеді.";

8-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс, мереке күндері жүтінген кезде өтініш қабылданады және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кенейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының 2022 жылғы 28 наурыздағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27308 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген мемлекеттік кәсіпорындардың, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың қызметіне жүзеге асырылатын қызмет түрлерін құру, кенейту және (немесе) өзгерту кезінде монополияға қарсы органның келісімін алу, сондай-ақ монополияға қарсы органның келісімі алынған сол қызмет түрлерін ғана жүзеге асыру тұрғысынан мониторинг жүргізу қағидаларында:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Көрсетілген кестелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар тоқсанына бір реттен жиі емес енгізіледі."

3. Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Экономикалық шоғырлану және мемлекеттік кәсіпорындарды бақылау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Агенттік төрағасының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің
2026 жылғы 19 тамыздағы
№ 6 бұйрығына
1- қосымша
"Экономикалық шоғырлануға
келісім беру туралы
өтінішхаттарды қарау"
мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

"Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау"
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	1) Нарық субъектісін біріктіру немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру бойынша экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарау; 2) Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхаттарды қарау: тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын) сатып алуы, бұл ретте, егер мұндай тұлға (тұлғалар тобы) сатып алуға дейін осы нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне, пайларына) иелік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін

		акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) елу немесе одан аз пайызына иелік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайлардың) елу пайызынан астамына иелік ету құқығына ие болады
3	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері	www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті беруші өтінішхатты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және көрсетілетін қызметті алушыға өтінішхаттың қарауға қабылданғаны немесе қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлайды; экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхатты қарау мерзімі өтінішхат қарауға қабылданған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспауға тиіс; көрсетілетін қызметті беруші немесе сот аталған өтінішхат немесе онымен байланысты басқа өтінішхат бойынша шешім қабылдағанға дейін өтінішхатты қарау мүмкін болмаған жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі тоқтатыла тұрады, ол туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мұндай шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабарлайды; қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсыну кезеңінде, сондай-ақ тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу кезінде өтінішхатты қарау мерзімі тоқтатыла тұрады, бұл туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мұндай шешім қабылданған

		күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етеді; мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік органдар қосымша мәліметтерді және (немесе) құжаттарды ұсынғаннан кейін автоматты түрде қайта басталады, бұл туралы көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабардар етеді; көрсетілетін қызметті беруші ақпаратты және (немесе) құжаттарды беру үшін белгілейтін мерзім кемінде бес жұмыс күнін құрайды; көрсетілетін қызметті берушінің өтінішхатты қараудың тоқтатылғаны туралы актісі шешім қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жолданады
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)
7	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Нарық субъектісін бірігу немесе қосылу жолымен қайта ұйымдастыру бойынша экономикалық шоғырлануға келісу (тыйым салу) туралы монополияға қарсы органның бұйрығы; Егер сатып алғанға дейін тұлға (тұлғалар тобы) нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне, пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайларының) елу немесе одан аз пайызына билік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) көрсетілген акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің, пайлардың) елу пайызынан астамына билік етуге құқық алатын мұндай тұлғаның (тұлғалар тобының) осы нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін, пайларын)

		сатып алуы бойынша экономикалық шоғырлануға келісу (тыйым салу) туралы монополияға қарсы органның бұйрығы. Порталда өтінішхаттың толықтығын қарау нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" өтінішхаттың қарауға қабылданғаны туралы хабарлама түрінде немесе тіркелу күні мен нөмірін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өтінішхатты қарауға қабылдаудан дәлелді бас тарту жолданады.
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
9	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және акпарат объектілерінің жұмыс графигі	Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Портал – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтініштерді қабылдау, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы.
		1) нарық субъектісін біріктіру немесе қосу жолымен қайта ұйымдастыру бойынша:

қызмет түрлерінде немесе олардың іскерлік операциялары географиясында жоспарланып отырған өзгерістерді қоса алғанда, нарық субъектісін қайта ұйымдастыру мақсатының негіздемесі;

бекітілген жарғы немесе оның жобасы;

құрылатын нарық субъектісіне берілетін мүлікті берудің мәліметтері мен шарттарының тізбесі;

тікелей қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерінің әрқайсысы бойынша мыналар көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, азаматтығы, тұрғылықты жері туралы мәліметтер және заңды мекенжайы;

атауы, заңды және нақты мекенжайлары;

жарғылық капиталының мөлшері және жарғылық капиталға қатысу үлесі;

акциялардың түрлері;

қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілері өндіретін және өткізетін тауарларды өндіру мен өткізудің, тауарлардың экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі;

қайта ұйымдастырылатын нарық субъектілерімен бір тұлғалар тобына кіретін нарық субъектілері өндіретін немесе өткізетін сол бір тауарларды немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі;

2) тұлғаның (тұлғалар тобының) нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін, пайларды) сатып алуы бойынша, бұл ретте, егер мұндай тұлға (тұлғалар тобы) сатып алуға дейін осы нарық субъектісінің акцияларына (жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне,

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

пайларына) билік етпесе немесе аталған нарық субъектісінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің, пайлардың) елу немесе одан аз пайызына билік етсе, мұндай тұлға (тұлғалар тобы) аталған акциялардың (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің, пайлардың) елу пайыздан астамына билік ету құқығына ие болады:

мәміле жасалғанын растайтын шарттың (өзге де құжаттың) нысанасы, тараптар, мәміле жасау үшін негізгі шарттар, сондай-ақ мәміленің құны (бағасы) туралы сатып алушы немесе сатып алушының уәкілетті адамы қол қойған еркін нысандағы хат түрінде ұсынылатын мәліметтер; өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 201-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген әрекеттер жасалатын нарық субъектісі және оның тікелей немесе жанама бақылауында болатын нарық субъектілері өндіретін, өткізетін, экспорттайтын және импорттайтын тауарларға немесе өзара алмастырылатын тауарларға ұқсас тауарларды өндіруді, өткізуді, экспорттауды және Қазақстан Республикасына импорттауды жүзеге асыратын сатып алушы бойынша және сатып алушымен бір тұлғалар тобына кіретін әрбір нарық субъектісі бойынша мыналар көрсетіледі:

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, азаматтығы туралы мәліметтер, сондай-ақ тұрғылықты жері және заңды мекенжайы;

атауы, заңды және нақты мекенжайлары;

жарғылық капиталының мөлшері және жарғылық капиталға қатысу үлесі;

акциялардың түрлері;

		өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 201-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген әрекеттер жасалатын нарық субъектісі, сондай-ақ оның тікелей немесе жанама бақылауында болатын нарық субъектілері өндіретін, өткізетін, экспорттайтын және импорттайтын тауарларға немесе өзара алмастырылатын тауарларға ұқсас тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі; өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 201-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген мынадай іс-әрекеттер жасалатын нарық субъектісінің тауарларды өндіру мен өткізу, олардың экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі; өзіне қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 201-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген әрекеттер жасалатын нарық субъектісінің тікелей немесе жанама бақылауында болатын нарық субъектілері өндіретін, өткізетін, экспорттайтын және импорттайтын сол бір немесе өзара алмастырылатын тауарларды өндіру мен өткізудің, олардың экспорты мен Қазақстан Республикасына импортының көлемі. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.
	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса)	Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті

11	көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымша	ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 18-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
12	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің
2026 жылғы 19 тамыздағы
№ 6 бұйрығына
2- қосымша

"Экономикалы шоғырлануға
келісім беру туралы
өтінішхаттарды
қарау" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігінің төрағасы

(барыс септігінде)

(шығыс септігінде) (көрсетілетін
қызметті алушының толық
атауы және (немесе) аты,
әкесінің аты (болған жағдайда),
тегі БСН және (немесе)
ЖСН (болған жағдайда)

Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхат

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 200-бабының
2-тармағына сәйкес

— (мәміленің, іс – әрекеттің мәні мен тараптарын көрсете отырып мәміленің, іс – әрекеттің сипаттамасы)

— қамтитын экономикалық шоғырлануға келісім беруіңізді сұраймын.
Осы экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтінішхат

— (Кодекстің 201-бабы 1-тармағының тармақшасы көрсетіледі)
негізінде _____

— көрсетілетін қызметті алушының атауы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),
тегі көрсетіледі) беріп отыр.

Құжаттама _____ сәйкес қоса беріледі.

Ұсынылып отырған құжаттар мен мәліметтердің толықтығы мен анықтығын растаймын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы өтініш берген тұлға (тұлғалар) және мәміленің мәні туралы сәйкестендіру мәліметтерін монополияға қарсы органның интернет-ресурсында жария талқылау үшін орналастыруға келісемін.

Басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолтаңбасы

Мөр орны (болған кезде)

Өтінішхат берілген күн

Өкілдің байланыс мәліметтері